

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2004 жылға арналған экономикалық және әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары мен экономикалық көрсеткіштердің болжамы жөніндегі мәлімдемесі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 5 ақпандағы N 137 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2004 жылға арналған әлеуметтік-экономикалық саясаты мен болжам жасалатын негізгі экономикалық макрокөрсеткіштер туралы елдің қалың жұртшылығын хабардар ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2004 жылға арналған экономикалық және әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары мен экономикалық көрсеткіштердің болжамы туралы мәлімдемесі мақұлданды.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

5

а қ п а н д а ғ ы

N 1 3 7

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2004 жылға арналған экономикалық және әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары мен экономикалық көрсеткіштердің болжамы жөніндегі Мәлімдемесі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің экономикалық саясатының негізгі мақсаттары 2004 жылы: экономиканың жоғары өсу қарқынын сақтау үшін жағдайлар жасау, инфляция қарқынын бәсеңдету және экономиканың конъюнктуралық факторларға тәуелділігін азайту болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өз іс-әрекеттерінде Президенттің Қазақстан халқына жолдауын (2003 жылғы сәуір), Үкіметтің 2003-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын, сондай-ақ басқа да

стратегиялық бағдарламалық құжаттарды іске асыру қажеттігін негізге алады.

2004 жылы экономикалық және әлеуметтік саясатты жүргізу мынадай басымдықтарға сәйкес жүзеге асырылатын болады:
халықтың әл-ауқатын одан әрі арттыру;

Еліміздің 2015 жылға дейінгі индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру ;

Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын, Ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру және олардың негізінде ауылдағы (селодағы) тұрмыс жағдайын сапалы жақсарту, аграрлық бизнестің тиімді және бәсекеге қабілетті жүйесін қалыптастыру ;

экономика салаларында одан әрі ырықтандыруды және құрылымдық қайта құруларды жүргізу .

Сыртқы және ішкі факторларды талдауды негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2004 жылғы жалпы ішкі өнімнің базалық нұсқадағы нақты өсуі 7-7,5%-ды құрайды деп санайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзінің күш-жігерін жеке меншік құқығын нығайту мен қорғау, шаруашылық қызметке әкімшілік араласуды қысқарту, қаржы рыноктары мен институттарын дамыту жолымен инвестициялық ахуалды жақсартуға бағыттайтын болады.

Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін 2004 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі :

қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге;
валюталық режимді ырықтандыруды және қаржы жүйесінің халықаралық стандарттарға көшуін дайындауды қамтамасыз ететін іс-шаралар кешенін іске асыруға;

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда Ұйымына (бұдан әрі - ДСҰ) кіруі жөніндегі дайындық іс-шараларын аяқтауға ;

энергия және ресурс үнемдейтін технологияларды енгізуді ынталандыратын заңнамалық және тарифтік жағдайлар жасауға ;

орталық және жергілікті басқару органдары арасындағы өкілеттіктер мен қаржылық ресурстарды ажырату жөніндегі жұмысты жалғастыруға ;

ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімділігін арттыру үшін жағдайлар жасауға ;
ауылдың (селоның) өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту деңгейін жақсартуға ;

экономиканың шикізаттық емес секторларына инвестициялар тарту үшін қажетті жағдайлар жасауға ;

көлеңкелі экономика үлесін азайту жөніндегі шаралар кешенін жүргізуге бағытталатын болады.

1. Халықтың әл-ауқатын одан әрі арттыру

Халықтың әл-ауқатын арттыру саласындағы саясат ең төменгі жалақы мөлшерін, зейнетақы және әлеуметтік төлемдер мөлшерін ұлғайтуға бағытталатын болады.

2004 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақылар мен жәрдемақылар мөлшерін инфляцияның болжамды деңгейіне - 5,4 %-ға индекстеу жүргізіледі. Ең төменгі зейнетақы мөлшері 2004 жылы 5800 теңгені құрайды. Ең төменгі жалақы мөлшері 6600 теңгені құрайды.

Осылайша ағымдағы жылы ең төменгі жалақы мөлшерінің өсуі 2003 жылмен салыстырғанда 32 %-ды құрайды.

Ағымдағы жылы бюджет саласындағы қызметкерлердің жалақысы орташа 20%-ға ал мемлекеттік қызметшілердің, соның ішінде әскери қызметшілердің жалақысы орташа 50%-ға ұлғайтылатын болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі азаматтарды кепілдік берілген тегін медициналық көмек көлемімен қамтамасыз етудің конституциялық нормасын орындау жөнінде жұмыс жүргізетін болады. Осы мақсаттарға 2004 жылы жергілікті бюджеттер шығыстарында 15 млрд. теңге сомасында қосымша қаражат көзделген.

2004 жылы әлеуметтік салада мынадай мемлекеттік және салалық бағдарламалар іске асырылатын болады:

"Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы;

2004-2006 жылдарға арналған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы;

"Білім" мемлекеттік бағдарламасы;

"Салауатты өмір салты" кешенді бағдарламасы;

Қазақстан Республикасында ЖҚТБ індетіне қарсы іс-әрекет жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламасы;

Қазақстан Республикасында туберкулезге қарсы күресте күшейту жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы;

2003-2005 жылдарға арналған "Ауыл мектебі" бағдарламасы.

Шағын және орта бизнестің қаржылық ресурстарына қол жетімділікті қамтамасыз ету, қаржы инфрақұрылымын одан әрі дамыту, сондай-ақ қолайлы кәсіпкерлік ахуал жасау мақсатында 2004 жылы Шағын кредит беруді дамыту бағдарламасы әзірленетін болады.

Халықтың қалың бұқарасын тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін 2004 жылы Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысының және тұрғын үй-коммуналдық саланың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленетін болады. Бұл, сондай-ақ ескірген және авариялық тұрғын үйлерді бұзу, қалалардағы инженерлік желілерді дамыту, тұрғын үй қорын басқару жүйесін одан әрі жетілдіру сияқты мәселелерді де шешуге мүмкіндік береді.

Тұрғын үй құрылысын белсенді түрде дамыту экономиканың басқа салаларына да

оң ықпалын тигізеді, бұл, сайып келгенде, жалпы ішкі өнімнің өсу серпініне оң әсер етеді. Кең ауқымдағы тұрғын үй құрылысы халық кірісінің өсуі мен тұтыну шығыстары құрылымының өзгеруі үшін ынталандыру қызметін атқарады.

2. Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру

2004 жыл Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру жөніндегі дайындық іс-шараларын жүзеге асырудағы а й қ ы н д а у ш ы ж ы л б о л а д ы .

2004 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-қимылы: кәсіпкерлік ахуалын жетілдіруге;

республикада көп деңгейлі инновациялық жүйені (технопарктерді, технологиялық бизнес-инкубаторларды, ғылыми парктерді) дамыту үшін жағдайлар жасауға және венчурлік қаржыландыруды дамытуды ынталандыруға;

ресурстарды елдің орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін экономиканың басым салаларына тиімді инвестициялауды қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік даму институттарының қызметін үйлестіруге;

кәсіби кадрлар мен мамандарды даярлау үшін жағдайлар жасауға;

Алматы қаласы Алатау кентінің аумағындағы "Ақпараттық технологиялар паркі" еркін экономикалық аймағының және "Ақтау теңіз порты" еркін экономикалық аймағының қызметін ынталандыруға бағытталатын болады.

Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру бөлігінде "Халықаралық стандарттарға көшудің ұлттық идеясы" жобасын іске асыруды бастау болжанып отыр. Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру кәсіпорындарды жаппай техникалық қайта жарақтандыруды жүргізуді, сапа менеджменті мен 9000 және 14000 сериялы ИСО стандарттары бойынша экологиялық менеджмент жүйелерін жедел енгізуді талап етеді.

Негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы халықаралық практикаға көшуін қамтамасыз ету болып табылатын Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттау және сертификаттау жүйелерін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы іске асырыла бастайды.

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыруға 2004 жылы республикалық бюджеттен 21,8 млрд. теңге мөлшерінде қаражат бөлінді.

3. Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын және Ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру

Ауыл шаруашылығында аграрлық бизнестің тиімді және бәсекеге қабілетті жүйесін қалыптастыру жөніндегі міндетті шешу алда тұр.

2004 жылы Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын қаржыландыруға бюджеттен 49,8 млрд. теңге бөлінетін болады.

Егіншілікті дамытуды ынталандыру жөніндегі бағдарламалар кеңейтілетін болады. Минералдық тыңайтқыштар сатып алуға арналған субсидиялау көлемі 3 еседен астам, көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге жергілікті бюджеттерге кредит беру көлемі - 1,2 есеге өседі.

Мемлекеттік резервті жаңарту үшін бюджет қаражаты есебінен астықты мемлекеттік сатып алу көлемі 450-500 мың тоннаға жуықты құрайды. Кредит және қарыз қаражаты есебінен коммерциялық сатып алу көлемі астық рыногындағы жағдайға қарай анықталады.

Ауыл шаруашылығының машина жасау жүйесінде ауыл шаруашылығы техникасы мен қосалқы бөлшектер өндірісін ынталандыру шаралары қабылданатын болады.

Ауыл шаруашылығы техникасының лизингіне кредит беру жалғасады. Мемлекеттік машина-техникалық станциялар және сервис-орталықтар желілерін құру бағдарламасын өрістету жоспарлануда.

Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде ауылды қоныстандырудың оңтайлы моделі негізінде ауылдың (селоның) қалыпты тыныс тіршілігі жағдайларын жасау жөнінде жұмыс жүргізілетін болады. 2004 жылы ауылдық білім беруге, денсаулық сақтауға және ауылдық сумен қамтамасыз ету объектілеріне инвестицияға республикалық бюджетте 19,6 млрд. теңге мөлшерінде қаражат көзделген.

4. Экономика салаларында одан әрі ырықтандыруды және құрылымдық қайта құруларды жүргізу

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясының міндеттеріне жауап беретін өндірістік инфрақұрылымды дамыту мақсатында телекоммуникациялар рыногын ырықтандыру жөніндегі жұмыс жалғасын табады.

Телекоммуникациялар рыногын ырықтандыру барысында ішкі тоғыспалы субсидиялаудан барлық операторлардың және мемлекеттің ынтымақтаса қатысуының жалпы ұлттық тетігін құруға көшу жоспарланып отыр. Бұл міндет қаржылық жүктемені телекоммуникациялар рыногына барлық қатысушылар арасында бөлу жолымен шешілетін болады.

Байланыс қызмет көрсетулеріне тарифтерді ырықтандырудан халықтың табысы аз жіктерінің мүддесіне қысым көрсетілуіне жол бермеу мақсатында 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 958,8 млн. теңге сомасында өтемдік қаражат көзделген.

2004 жылы электр энергетикасында электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда рыногы құрылатын болады.

Ұлттық электр желісінің транзиттік әлеуетін ұлғайту мақсатында кернеуі 500 кВт "Солтүстік-Оңтүстік" электр беру екінші желісінің құрылысы басталады. Орта мерзімді перспективада бұл желі Қазақстанның оңтүстігіндегі электр энергиясының тапшылығын жабуды қамтамасыз етеді.

2004 жылы "Алтынсарин-Хромтау" темір жол желісі іске қосылатын болады, бұл

желі ұлттық темір жол желісін қалыптастыру буынының біріне айналады.

Бұл желіні салуды аяқтау үшін 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 8,1 млрд. теңге жоспарланған. Желіні іске қосу жүктерді тасымалдау қашықтығын орташа 1500 км-ге қысқартуға мүмкіндік береді.

Транзиттік әлеуетті арттыру үшін Самара - Шымкент, Ташкент - Шымкент - Алматы - Қорғас, Астана - Қостанай - Челябин және Омбы - Павлодар - Майқапшағай халықаралық автокөлік дәліздерінің автомобиль жолдарын қайта жаңарту маңызды ж о б а л а р б о л м а қ .

Каспий теңізі қазақстандық секторының ресурстарын ұтымды пайдаланудың қажеттілігі жекелеген перспективалы құрылымдарға геологиялық зерттеу жүргізуді т а л а п е т е д і .

Ағымдағы жылы Абай, Нұрсұлтан және Сәтпаев құрылымдарын геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстар басталады. Осы құрылымдар бойынша мұнай қорының жалпы болжамды ресурстары 164 млн. тоннаны құрайды.

Жағалау аймағындағы су басып кеткен мұнай ұңғымалары мен өздігінен құйылатын гидрогеологиялық ұңғымаларды консервациялау және жою жөнінде жұмыстар жүргізу к ө з д е л і п о т ы р .

2004 жылға арналған республикалық бюджетте Каспий теңізінің қазақстандық секторын игеру жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға 2,1 млн. теңге с о м а с ы н д а қ а р а ж а т к ө з д е л г е н .

Мемлекеттің салық саясаты халықтың тұтыну сұранысын ынталандыру мақсатында салық жүктемесін одан әрі азайтуды, кәсіпорындар үшін салық ауыртпалығын азайтуды, ішкі инвестицияларды ұлғайтуды көздейді. Көрсетілген мақсаттарды іске асыру үшін 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап қызметкерлердің оларға еңбекақы түрінде төленетін кірістері есептеу базасы болып табылатын салық ставкалары азайтылды, сондай-ақ қосылған құн салығының ставкасы 16%-дан 15%-ға дейін азайтылды.

2004 жылдан бастап мұнай операцияларына салық салудың жаңа режимі енгізіледі, бұл перспективада кірісті бөлудегі Қазақстан үлесін едәуір ұлғайтуға мүмкіндік береді. Мұнай операцияларына салық салудың жаңа режимі жаңадан жасалатын келісім-шарттарға ғ а н а қ а т ы с т ы б о л а д ы .

2004 жылдан бастап, сондай-ақ мұнай-химия өнеркәсібіндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін корпорациялық табыс салығын салудың жеңілдетілген режимі енгізіледі, бұл Индустриялық-инновациялық даму стратегиясының көмірсутекті шикізатты тереңдете қайта өңдеу жөніндегі жоғары технологиялы жаңа өндірістерді құру жөніндегі негізгі бағыттарын іске асыруға ықпал ететін болады.

2004 жылдан бастап негізгі қызметі ғылыми әзірлемелер, ақпараттық технологияларды жасау әрі дамыту болып табылатын қызметін арнайы экономикалық аймақтардың аумақтарында жүзеге асыратын ұйымдар үшін жеке салық режимі е н г і з і л д і .

Ғылыми және инновациялық қызметті қосымша ынталандыру мақсатында 2004 жылы салық заңнамасына ғылыми және инновациялық зерттеулер мен жұмыстарды ынталандыру, сондай-ақ өндіріске ғылыми жетістіктер мен инновациялық әзірлемелерді енгізу бөлігінде өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірленеді.

2004 жылы Бюджет кодексін қабылдау орта мерзімді бюджеттік жоспарлауға көшуге және бюджетті жаңа қағидаттар негізінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

2004 жылы 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді фискалдық саясат әзірленетін болады, оның қабылдануы салық-бюджет саясатын елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын, жүргізіліп жатқан ақша-кредит, валюта және инвестициялық саясатты, экономиканы одан әрі ырықтандыруды ескере отырып жүргізуге мүмкіндік береді.

Бюджет саясатының негізгі мақсаттарын іске асыру мақсатында 2004 жылы стратегиялық, индикативтік және бюджеттік жоспарлауды одан әрі үйлестіру, бюджет заңнамасын Бюджет кодексінде көзделген нормаларға сәйкес ретке келтіру жөніндегі ж ұ м ы с ж а л ғ а с ы н т а б а д ы .

Ұлттық қордың активтерін тиімді басқару тетіктерін жетілдіруге бағытталған саясат жү р г і з і л е т і н б о л а д ы .

Бюджеттің жалпы ішкі өнімге пайыздық қатысындағы тапшылығын біртіндеп қысқарту және мемлекеттік борыш құрылымын оңтайландыру көзделуде.

Ағымдағы жылы мемлекеттік бюджет тапшылығы жалпы ішкі өнімнің 1,9 %-нан а с п а й д ы .

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін іске асырудың уақтылығы мен тиімділігін арттыру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында акцияларының пакеттері (қатысу үлестері) мемлекеттік меншіктегі мемлекеттік кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдар мен серіктестіктердің қаржы-шаруашылық қызметін, әкімшілік шығыстарды оңтайландыруды қамтамасыз ету жөніндегі жоспарлы көрсеткіштерді олардың орындауын бақылау жөніндегі жұмыс күшейтіледі.

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасында функциялар мен өкілеттіктерді ажырату процесін жалғастыру жоспарланады. Аумақтық даму мәселелерін шешудегі жауапкершілікті күшейту мақсатында мемлекеттік басқарудың жергілікті деңгейіне шаруашылық саласындағы, сондай-ақ шаруашылық қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялау саласындағы функциялар беріледі.

Сыртқы экономикалық саясат ДСҰ-ның талаптарына сәйкес сыртқы сауда режимін жетілдіруге, өзара саудадағы кедергілерді алып тастауға, қазақстандық экспорттаушылардың шетел рыноктарына қол жетімділігіне оңтайлы жағдайлар жасауға, дайын өнім экспортын ынталандыруға бағытталады.

Бірыңғай экономикалық кеңістік (БЭК) шеңберінде еркін сауда аймағын құру жөнінде тығыз ынтымақтастық дамитын болады.

Қазақстанда Ресей жылын өткізу екі елдің экономикалық ықпалдастығын күшейтуге ықпал етеді. Ресей Федерациясымен ынтымақтастық республиканың сыртқы экономикалық саясатындағы басым бағыт болып қалуды жалғастыруда және өз кезегінде осы ынтымақтастықта басты назар экономиканың нақты секторында бірлескен жобаларды жасауға бағыттталатын болады.

Мемлекет басшысының Қазақстан кәсіпкерлерінің 10 және 11-форумдарында берген тапсырмаларына сәйкес 2004 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдында лицензияланатын қызмет түрлерін және заңнамада көзделген басқа да рұқсат берулерді қысқарту жөніндегі жұмыс, сондай-ақ оларды беру рәсімдері мен тәртібін ж е т і л д і р у а л д а т ұ р .

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қызметінің негізгі мақсаты 2004 жылдан бастап баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болады.

Инфляция бойынша мақсатты көрсеткіштер үшін жауапкершілікті күшейту жағдайларында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бұдан былай инфляция бойынша бағдарларды инфляциялық үрдістердің негізгі бағыттарын көрсететін " базалық инфляция" индекcін негізге ала отырып, белгілейтін болады.

Базалық инфляцияның негізгі жедел көрсеткіштің әсерінен өзгеруін бағалауға мүмкіндік беретін трансмиссиялық тетік моделін әзірлеу жөніндегі жұмыстар жалғасады, ол ретінде репо операциялары бойынша ставка алынады. Мұндай модель инфляция бойынша міндеттемелердің қатаң сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және жүргізіліп жатқан ақша-кредит саясатына сенімнің артуына ықпал ететін б о л а д ы .

2004 жылы ақша-кредит саясатының негізгі мақсаты орташа жылдық "базалық инфляцияны" 4% - 6% шегінде ұстау болады.

Инфляцияны азайту 2004 жылы қайта қаржыландырудың ресми ставкасын жылдық 6% - 6,5%-ға дейін азайтуға мүмкіндік береді. Бұл ретте осы ставканың экономикалық рөлінің өсуі күтілуде, өйткені вексельдерді қайта есептеу нақ сол қайта қаржыландырудың ресми ставкасына сәйкес жүргізілетін болады.

Қазақстандық тауарлардың сыртқы рыноктардағы бағалық бәсекеге қабілеттілігін қолдау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бағамның ақша сұранысы мен ұсынысына байланысты ауытқуын негіздейтін теңгенің құбылмалы айырбас бағамының режимін сақтау ниетінде. Тиісінше, Ұлттық Банк ішкі валюта рыногына теңгенің айырбас бағамының алыпсатарлық жолмен көтерілуін болдырмау қажет болған кезде ғана барынша аз қатысуын жүзеге асыра отырып, теңгенің айырбас бағамы бойынша бағдарларды белгілемейтін болады және оны қалыптастыруға а р а л а с п а й д ы .

Ашық рынок операциялары - бағалы қағаздарды сату және сатып алу және, ең алдымен, репо операцияларымен қысқа мерзімді ноталар шығару ақша-кредит саясатының негізгі құралдары болады. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі ресми ставкаларды реттеуді және вексельдерді қайта есептеу, банктерге қысқа мерзімді кредиттер (күндік және овернайт) беру, сондай-ақ банктердің қысқа мерзімді өтімділігін реттеу үшін депозиттер қабылдау жолымен банктерді қайта қаржыландыруды жүзеге асыратын болады.

Инфляциялық таргеттеуге жоспарлы көшуге дайындық жоспарында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2004 жылы өз ресми ставкаларының реттеуші рөлін күшейтуге бағытталған шараларды іске асыруды жалғастырады. Ашық рынок операцияларымен өтімділікті реттеуді кеңейту, атап айтқанда, бағалы қағаздардың қайталама рыногын дамытуға жәрдемдесу жөніндегі шаралар белсенді түрде қабылданатын болады. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағалы қағаздар портфелін ұлғайту және жаңа қаржы құралдарын дамыту жөніндегі шаралар қабылданады, бұл Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің реттеуші мүмкіндіктерін ұлғайтуға және қаржы рыногының икемділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Вексельдік айналымды дамыту жөніндегі жұмыс: вексельдердің бірінші сыныпты эмитенттерінің тізімін қалыптастыру, вексельдік айналымның нормативтік құқықтық базасын жетілдіру және вексельдерді орталық депозитарий арқылы есепке алу рәсімін әзірлеу жалғасады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта резервтері тауарлар мен қызметтер көрсетудің импортын 3 айдан артық жабуды қамтамасыз ететін деңгейде ұсталады. 2004 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта резервтері 2003 жылмен салыстырғанда 6,3%-ға өседі және 5 млрд. АҚШ долларынан асып түседі.

Ақша агрегаттарының жылдық өсуі экономикалық өсудің жоғары қарқынының сақталуын қамтамасыз ететін болады. Атап айтқанда, ақша базасы 2004 жылы 31,6%-ға, ал ақша массасы 29,1%-ға өседі.

Экономиканың монеталануының өсу үрдісі сақталады. Бұл ретте ақша массасы өсу қарқынының алға шығуы, егер еңбек өнімділігінің өсуі, әсіресе, мұнай өндірумен байланысы жоқ секторлардағы жалақының өсу қарқынынан асып түсетін болса, инфляциялық процестердің күшеюіне қауіп төндірмейді.

Валюталық реттеу және валюталық бақылау саласында валюталық режимді ырықтандыру басым бағыт болады. Бұл валюталық реттеу режимін жұмсартуды және резиденттердің шетелдік активтермен операцияларды жүзеге асыруы кезіндегі шектен тыс әкімшілік кедергілерді жоюды болжайды. Валюта операцияларымен байланысты тәуекелдерді қадағалау әрі бақылау үшін банктердегі, жинақтаушы зейнетақы қорларындағы және сақтандыру компанияларындағы тәуекелдерді пруденциалдық реттеу және басқару тиімділігін арттыру бағытында шаралар қабылданатын болады.

Валюталық заңнаманы одан әрі жетілдіру мақсатында 2004 жылы қаржы рыногының қазіргі заманғы талаптарға барынша жауап беретін және Қазақстанның халықаралық капитал рыноктарына неғұрлым белсенді қатысуын көздейтін жаңа заң

әзірлеу және қабылдау жоспарлануда. Ол шамамен 2005 жылы басталатын және 2007 жылы валюталық қатынастарды толық ырықтандырумен аяқталатын валюталық режимді ырықтандырудың екінші кезеңінің бағдарламасын іске асыру үшін заңнамалық негіз болады. Валюталық шектеулерді бәсеңдету жөніндегі шаралар отандық қаржы рыногының өсуіне, қаржы құралдарының дамуына және нақты сектор үшін қосымша қаржы ресурстарын тартуға ықпал етеді.

Төлем жүйелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету саласындағы басым бағыт олардың Еуропа одағы стандарттарына неғұрлым толық жақындауы болады. Төлем құралдарының жаңа түрлері дамитын болады.

Микропроцессорлық технологиялар негізінде төлем карточкаларының Ұлттық банкаралық жүйесін енгізу және дамыту жолымен төлем карточкаларына қызмет көрсету жөніндегі бірыңғай ұлттық желі құруға ерекше назар аударылатын болады. Оны енгізу шеңберінде 2004 жылы "Процессинг орталығы" ЖАҚ төлем карточкалары бойынша банкаралық транзакцияларға қызмет көрсету жөнінде өзінің практикалық қызметін бастайды.

Ақша-кредит саясаты қаржы рыногының тұрақтылығын сақтауға ықпал ететін болады. Сақтандыру рыногын, бағалы қағаздар рыногын одан әрі дамытуға және банк жүйесінің тұрақтылығын нығайтуға, экономиканың нақты секторына банктердің кредит беруінің одан әрі өсуіне жағдай жасауға, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы жүйесін жетілдіруге ерекше назар аударылады.

Қазақстан Республикасының Қаржы секторын дамытудың тұжырымдамасына сәйкес қаржы рыногын одан әрі дамыту оның барлық сегменттерін халықаралық стандарттарға жақындату бағытында жүргізілетін болады. Экономиканың нақты секторының сұраныстарын қанағаттандыратын қаржы жүйесінің орнықты әрі тиімді жұмыс істеуін қалыптастыру жалғасады.

2004 жылы банктердің депозиттік базасының одан әрі өсуі, банктердің кредиттік қызметінің кеңеюі және экономикаға кредиттер бойынша сыйақы ставкаларының одан әрі төмендеуі күтілуде. 2004 жылы резиденттер депозиті 25%-ға жуық, экономикаға кредиттер - 30%-дан артық өседі, ал заңды тұлғаларға теңгемен берілген кредиттер бойынша сыйақы ставкасы 2004 жылдың аяғына қарай 12,0%-13,5% деңгейіне дейін азаяды деп күтілуде.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өз қызметін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігімен тығыз үйлестіретін болады.

Қаржы нарығын қадағалау тетіктері мен рәсімдерін жетілдіру мақсатында қаржы нарығының жекелеген сегменттерін реттеудің халықаралық стандарттарын одан әрі енгізу жөніндегі іс-шаралар жалғасын табады. Жүйелік тәуекел артқан және/немесе дағдарыс жағдайлары туындаған кезде жедел іс-әрекет схемасы әзірленеді. Сондай-ақ, банктер қызметінің ашықтығын арттыру мақсатында банктерді қаржылық есеп берудің

халықаралық стандарттарына көшіру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады, бұл банктер жасайтын қаржылық есеп берудің барабарлығы мен сенімділігін қамтамасыз етеді.

2004 жылдан бастап халық депозиттерін қабылдау құқығы жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру жүйесінің қатысушылары болып табылатын банктерге ғана беріледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Үкіметімен және Қазақстанның Аудиторлар палатасымен бірлесіп сертификатталған бухгалтерлер институтын құру жөніндегі жұмысты жалғастырады. Аудитті дамытудың бірыңғай стратегиясы және халықаралық аудит стандарттарына негізделген банктер аудитінің бірыңғай көзқарасы мен талаптары әзірленетін болады.

Банктерден, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан және микрокредиттік ұйымдардан тұратын кредит берудің үш деңгейлі жүйесін одан әрі жетілдіру жоспарлануда.

Ипотекалық кредит беру жүйесін одан әрі дамытуға бағытталған бірқатар шаралар іске асырылатын болады. Олардың арасында: Қазақстанның ипотекалық кредиттерге кепілдік беру қорын (ҚИКҚК) құру, ипотекалық кредит беру мерзімдерін 20 жылға дейін ұзарту, ипотекалық кредиттер бойынша сыйақы ставкаларын одан әрі төмендету. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шаралары Қазақстан қор биржасында агенттік облигациялар листингі рәсімдерін жоюға, халыққа ипотекалық кредит беру көлемінің өсуін ынталандыруға бағытталатын болады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Үкіметінің тұрғын үй-құрылыс жинақтары жүйесін дамыту жөніндегі жұмысына жәрдемдеседі.

Депозит сақтаушылардың халықаралық қауымдастығының ұсынымдарын ескере отырып, жеке тұлғалардың салымдарына міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесін жетілдіру жалғасатын болады. Атап айтқанда, сақтандыру жарналарының сараланған ставкаларын айқындау мақсатында қатысушы банктердің тәуекелдерін бағалау жөніндегі әдістеме әзірленеді. Депозиттер мен кредиттер бойынша рынок ставкаларына төмендететін ықпал ету мақсатында кепілдік берілген депозиттер бойынша ең жоғарғы сыйақы ставкаларын азайтуға бағытталған саясат жүргізіледі.

Таяудағы жылдары сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеу және қадағалау жүйесі жетілдірілетін болады, сақтандыру рыногындағы адал бәсекелестікті дамыту үшін жағдай жасау жөнінде шаралар қабылданады.

Экологиялық сақтандыру және төтенше сипаттағы басқа да тәуекелдерді сақтандыру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясат айқындалады. Ауыл шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау жүйесі құрылады. Сақтандыру қызметінің міндетті сақтандыру, өмірді сақтандыру және сақтандырудың өзге де әлеуметтік маңызы бар түрлері, қайта сақтандыру және сақтандыру рыногына шетелдік қатысуды кеңейту сияқты түрлерін дамыту жөніндегі жұмыс жалғасады.

Толыққанды сақтандыру статистикасын қалыптастыру, сондай-ақ салалық мониторингті құру мен өндірістік тәуекелдерді бағалау жөніндегі жұмыс жүргізілетін болады.

Инвестициялаудың ұжымдық нысандары арқылы халық жинақтарын тарту тетіктерін жетілдіру бағалы қағаздар рыногын дамытудың басты міндеттерінің бірі болып қалып отыр. Мемлекеттің негізгі күш-жігері инвестициялық қорларды дамытуға бағытталады. Бұл міндетті іске асыруға "Инвестициялық қорлар туралы" Қазақстан Республикасының жаңа Заңын қабылдау және бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың нормативтік базасын жетілдіру ықпал ететін болады.

Қаржы құралдары ауқымын кеңейту үшін қазақстандық акциялар мен облигациялардың инвестициялық тартымдылығын арттыру, борыштық міндеттемелер рыногын дамыту, туынды бағалы қағаздар және басқа да қаржы құралдары рыногын дамыту жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылады. Айналымдағы депозиттер сертификаттары мен коммерциялық қағаздар, агенттік облигациялар рыноктары іске қосылады.

Бағалы қағаздар рыногында инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жүйесін жетілдіру үшін ақпаратты ашудың халықаралық стандарттарына көшу жүзеге асырылады, лицензияланатын субъектілерді реттеу жетілдіріледі, адал бәсекелестік ынталандырылады, листинг талаптары жетілдіріледі.

Ұлттық бағалы қағаздар рыногының техникалық инфрақұрылымын дамыту үшін трансфер-агенттердің желісі дамытылады, ақпараттық жүйелер жетілдіріледі, операциялар тізбесі кеңейтіледі әрі брокерлік және дилерлік ұйымдарды капиталдандыру деңгейі арттырылады. Сондай-ақ, орталық депозитарий тіркеуші, төлем агенті функцияларын орындайтын ұйым құрылады.

Алдағы жылдарда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ЕурАзЭҚ елдері орталық банктерімен бірлесіп, ЕурАзЭҚ елдерінің ортақ төлем жүйесін ұйымдастыру және қаржы рыноктарын интеграциялаудың басқа да бағыттары бойынша жұмыс жүргізуді жалғастырады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Бірыңғай экономикалық кеңістік (БЭК) қалыптастыру жөніндегі мемлекетаралық және ведомствоаралық топтардың жұмысына белсене қатысу ниетінде.

Белгіленген экономикалық және әлеуметтік саясатты іске асыру 2004 жылы жалпы ішкі өнімнің белгіленген өсу қарқынына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Негізгі капиталға инвестициялар нақты мәнде - 9-10%-ға өседі. Өнеркәсіптік өндіріс көлемінің өсуі 2003 жыл деңгейіне 8-8,5%, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі - 2,5-3% деңгейінде күтілуде.

Экономика өсуінің оң серпіні еңбекақының артуы және халықтың әл-ауқатын

жақсарту үшін жағдай жасайды.
 Ағымдағы жылы нақты жалақы 6,8%-ға ұлғаяды.
 2004 жылға арналған негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер болжамы осы Мәлімдемеге қосымшада келтірілген.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
 Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
 2004 жылға арналған экономикалық және
 әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары
 мен экономикалық көрсеткіштердің
 болжамы жөніндегі мәлімдемесіне
 қосымша

2004 жылға арналған негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер

	2004 жыл болжам
Нақты мәндегі жалпы ішкі өнім, өткен жылға %-бен	7-7,5
Нақты мәндегі өнеркәсіптік өнімнің (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) көлемі, өткен жылға %-бен	8-8,5
Нақты мәндегі ауыл шаруашылығының жалпы өнімі, өткен жылға %-бен	2,5-3
Негізгі капиталға инвестициялар, өткен жылға %-бен	9-10
Экспорт, млн. АҚШ долл.	11414
Импорт, млн. АҚШ долл.	9705
Республикалық бюджеттің түсімдері, ЖІӨ-ге %-бен	18
Республикалық бюджеттің шығыстары, ЖІӨ-ге %-бен	19,9
Республикалық бюджеттің тапшылығы, ЖІӨ-ге %-бен	1,9
Базалық инфляция, %	4-6
Жыл аяғына қайта қаржыландыру ставкасы, %	6-6,5
Жалпы алтын-валюта резервтері, млн. АҚШ долл. өзгеруі, %-бен	5156 6,3
Ақша базасы, млрд. теңге өзгеруі, %-бен	411 31,6
Ақша массасы, млрд. теңге өзгеруі, %-бен	1325 29,1
Банк жүйесіндегі резиденттердің депозиттері, млрд. теңге	972

өзгеруі, %-бен	24,6
Экономикадағы банктердің кредиттері, млрд. теңге	1225
өзгеруі, %-бен	30,3
Жеке тұлғалардың мерзімді теңге депозиттері бойынша	
сыйақының орташа өлшемді ставкасы, %	9,0-10,5
Заңды тұлғалардың берілген теңге кредиттері бойынша	
сыйақының орташа өлшемді ставкасы, %	12,0-13,5
Ең төменгі жалақы мөлшері, теңге	6600
Ең төменгі зейнетақы мөлшері, теңге	5800
